

2024-2025 оқу жылында ата-аналармен өткізілген жылдық жұмыс талдауы

Веренка негізгі мектебінде 2024-2025 оқу жылында мектеп пен ата-ана арасындағы қарымқатынасты күшейте отырып, отбасындағы ата-ананың ықпалын арттыру, мектеп, ата-ана, ұстаз болып бірігіп, сапалы білімді, саналы тәрбиелі, салауатты ұрпақ тәрбиелеу мақсатында атааналармен жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Жоспар негізінде біршама жұмыстар атқарылды. Қыркүйек айында жалпы ата-аналар жиналысы жасалып, ата-аналар комитетінің төрайымы сайланып, жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Жоспар негізінде «Жанында жүр жақсы адам» тақырыбында өнегелі әкелермен кездесу, бастауыш сынып оқушылары мен ата-аналары арасында «Толағай» отбасылық сайысы, 1-қазан қарттар мерекесіне орай «Қарттарым, аман-сау жүрші» тақырыбында қарттарға арналған мерекелік бағдарлама, мектеп психологының ұйымдастыруымен «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың бала психикасына әсері» тақырыбында ата-аналарға дөңгелек үстел, «Қауіпсіз терезе» Республикалық ақпараттық акциясы аясында «Бала қауіпсіздігі басты назарда» тақырыбында 1-9-сынып оқушыларына ата-аналары жиналысы ұйымдастырылып түсінік жұмыстары жүргізілді. Сонымен бірге «Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол жоқ» тақырыбында ата-аналармен дөңгелек үстел, «Отбасындағы тұрмыстық саладағы құқықбұзушылықтың алдын алу туралы заңнаманы қолданудың тиімділігі» тақырыбында психологиялық сабақ ұйымдастырылды. Ата-аналар отырысында түрлі мәселелер қаралды. Алғашқы тамыз айында өтілген ата-аналар отырысында жаңа оқу жылындағы оқу-тәрбие үдерісіндегі жаңалықтармен таныстырылып, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының ерекшеліктері түсіндірілді. Мектептің ішкі тәртіп ережесі және мектепке оқушыларға мектепке алып келуге тыйым салынған заттар тізбесімен таныстырылып, ата-аналар комитетінің төрайымы сайланып, жұмыс жоспары талқыланды. Қазан айында өтілген екінші отырыста «Ата-аналарды қолдау орталығы» бағдарламасы, мақсат, міндеттері, сабақ кестелері таныстырылып, оқушылардың күзгі каникул кезіндегі оқушылардың қауіпсіздігі, 1-тоқсан бойынша оқу-тәрбие қорытындысы қаралды. Желтоқсан айында өтілген үшінші ата-аналар отырысында «Ұялы телефондардың бала психологиясына әсері» тақырыбында ата-аналарға психологиялық кеңес беріліп, оқушылардың түнгі қозғалысы, үйірме жұмыстарына қатысымы, 2-тоқсан бойынша оқу-тәрбие қорытындысы тыңдалды. Наурыз айында өтілген төртінші ата-аналар отырысында 3-тоқсан бойынша оқу тәрбие қорытындысы, ата-аналарды қолдау орталығы сабақтарына ата-аналардың қатысымы, көктемгі каникул кезіндегі қауіпсіздік ережелері талқыланды. Мамыр айында өтілген соңғы атааналар жиналысында «Балалармен қандай

тақырыптарды сырласқан ұтымды» тақырыбында психологиялық кеңес беріліп, жасөспірімдер арасында кездесетін құқыбұзушылық түрлері, оның себептері туралы айтылып, оқушылардың жазғы демалыс лагерлеріне қамтылуы, жазғы каникул кезіндегі балалардың түнгі қозғалысы талқыланып, ата-аналар комитетінің жұмысы қорытындыланып, ата-аналармен жүргізілген жұмыстарда белсенділік танытқан, балалары оқутәрбие бойынша жетістікке жеткен ата-аналар марапатталды. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірбесін пайдалану мақсатында «Даналық мектебі» клубының жұмыс жоспары құрылып бекітілді.

ДТЖО: 

Аманхосов А.Ж.